

ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ

Ұлытау облысы білім басқармасының Жаңаарқа ауданы білім бөлімі
«Оразалы Жұмабеков атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық)» КММ

Мазмұны

1	Кіріспе	3
2	1-бөлім. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы	4
3	2-бөлім. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымын бағалау	5
4	3-бөлім. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар	223
5	Қорытынды	232

Кіріспе

«Оразалы Жұмабеков атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық)» КММ-нің өзін-өзі бағалауы Қазақстан Республикасы "Білім туралы" Заңының 59-бабының негізінде, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығына сәйкес жасалды. Өзін-өзі бағалау жалпы білім беретін мектептің бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымының қызметін талдауды қамтыды.

Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бұдан әрі – МЖМБС) талаптарына сәйкестігі ұсынылған білім беру қызметтерін талдаудан тұрады, олар:

- 1) оқу нәтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұны;
- 2) білім алушылардың және тәрбиленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі;
- 3) білім алушылардың дайындық деңгейі; 4) оқу мерзімі.

Өзін-өзі бағалау материалдарын 05.01.2024 жылғы № 3 педагогикалық кеңесі отырысында және мектеп директорының бұйрығымен бекітілген комиссия дайындады.

Бұйрық, педагогикалық кеңес хаттамасынан үзінді, жоспар, Қорғаншылық және қамқоршылық кеңестің хаттамасы (сілтеме)

(https://drive.google.com/file/d/1KaVM4bweww-_dHoUcOxJTDU-Xa0tZj2S/view?usp=drive_link)

1-бөлім. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы.

Мекеменің толық атауы.

Ұлытау облысы білім басқармасының Жаңаарқа ауданы білім бөлімінің «Оразалы Жұмабеков атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық)» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Ұлытау облысы білім басқармасының Жаңаарқа ауданы білім бөлімінің «Оразалы Жұмабеков атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық)» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 1980 жылы пайдалануға берілді.

Занды мекен-жайы: Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы, Жаңаарқа кенті, Ақселеу Сейдімбек көшесі, ғимарат 60

Телефон/телефакс: 8(71030)27542

Басшының тегі, аты, әкесінің аты: Тұрғынбеков Айтқожа Жексенбекұлы (қосымша: тағайындау туралы бұйрық

https://drive.google.com/drive/folders/1G_Tz6VD_nuyvE6YrK7lXbvLVNZOJywSk

Интернет желісіне қосылу туралы ақпарат: оптивалакон 20м/бит, Қазақтелеком 8м/бит

Электронды мекен-жай: zhana_zhumabekov@mail.ru

Web-сайт: <https://zhanaarka.goo.kz/index/fromorg/13>

Жобалық қуаты: 624 білім алушыға арналған

Жарғыны бекіту: «Ұлытау облысының экономика басқармасы» ММ 06.09.2022 жылғы №7 бұйрығы

[https://drive.google.com/drive/folders/1G_Tz6VD_nuyvE6YrK7lXbvLVNZOJywSk?usp=drive link](https://drive.google.com/drive/folders/1G_Tz6VD_nuyvE6YrK7lXbvLVNZOJywSk?usp=drive_link)

БИН 970640003006 Жезқазған қаласының ауданаралық әділет басқармасы **Рұқсат беруші құжаттар** (білім беру қызметіне лицензия және оның қосымшасы) «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесімен 11.02.2021 жылы берілген Ұлытау облысы білім басқармасының Жаңаарқа ауданы білім бөлімінің «Оразалы Жұмабеков атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық)» коммуналдық мемлекеттік мекемесі № KZ40LAA00023246 лицензиясы.

[https://drive.google.com/drive/folders/1G_Tz6VD_nuyvE6YrK7lXbvLVNZOJywSk?usp=drive link](https://drive.google.com/drive/folders/1G_Tz6VD_nuyvE6YrK7lXbvLVNZOJywSk?usp=drive_link)

2-бөлім. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымын бағалау.

1) білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және оның жалпы орта білім берудің негізгі құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне, МЖМБС белгілі талаптарына сәйкестігі.

Оқу-тәрбие жоспарлары

2021-2022 оқу жылы

https://drive.google.com/file/d/1vTSyrHcXu5UejcYw0TRcweUarKXOsv0O/view?usp=drive_link

2022-2023 оқу жылы

https://drive.google.com/file/d/1esT-m72hgVvY6oo1-cLpbnj1Lw4AmB8G/view?usp=drive_link

2023-2024 оқу жылы

https://drive.google.com/file/d/1De0rsg6l5olctncN34CrqdHI2lo8bb3o/view?usp=drive_link

Мектебімізде жыл сайын оқу жылына арналған жалпы мектептік оқу-тәрбие жұмысының жоспары әзірленеді, онда педагогикалық ұжым қызметінің мақсаттары мен міндеттері көрсетіледі. Жалпы мектеп жоспарында білім алушыларға білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдарлары болуға арналған ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған мектептің педагогикалық ұжымының жұмысы көрсетілген. Жылдық жоспарда МЖМБС талаптарына сәйкес келетін бастауыш, орта және жалпы білім берудің базалық құндылықтары көрсетіледі.

2023-2024 оқу жылында білім беру үрдісін жоспарлау және ұйымдастыру кезінде мектеп "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алды және осы үрдісті реттейтін нормативтік құжаттар негізінде оқыту үрдісі жүзеге асырылады. Мектептің жұмыс жоспары "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы (ҚР ОАМ 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығымен өзгертілген) негізінде жасалды. Мектептің жылдық жұмыс жоспары жыл сайын тамыз айында өткізілетін педагогикалық кеңесте қаралады және оны оқу орнының директоры бекітеді. Мектеп жоспары 7 бөлімнен тұрады.

2023/2024 оқу жылына арналған жұмыстың мақсаты: білім беру үрдісі субъектілерінің дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдайларды қамтамасыз ететін білім беру кеңістігін жетілдіру арқылы білім беру сапасын арттыру.

Мектеп жұмысының мақсатын іске асыру бойынша міндеттер:

1. Білім алушылардың білім сапасын көтеріп қалыптастыру үшін пән мұғалімдері балалардың біліміндегі олқылықты анықтап, жою үшін жоспарлы түрде іс-шаралар атқаруды жалғастыру.

2. Білім алушыларға бейіндік оқыту арқылы кәсіптік бағдар беруді ұйымдастыру, дамыту, жетілдіру, жалғастыру.

3. Білім беру үрдісінде оқу сабақтарында және үй жұмысында оқушының оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастырудың тиімді тәсілдерін пайдалану негізінде білім беру сапасын арттырудың оң динамикасын қамтамасыз ету.

4. Мектепшілік бақылауға 2023-2024 оқу жылында сыныптарда сыныптық бақылау жоспарлау қажет.

5. Коммуникация құралдарын, онлайн өзара іс-қимылды, қашықтықтан оқытуды және білім беру Интернет-ресурстарын пайдалана отырып, оқушыларды оқытуды ұйымдастыру тәсілдерін игеру бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру үшін жағдайлар жасау.

6. Білім беру үрдісін ұйымдастыруда денсаулық сақтау тәсілдерін қолдану бойынша педагогикалық ұжымның жұмысын жетілдіруге жағдай жасау.

7. Оқушылардың жеке қызығушылықтары мен бейімділіктерін ескере отырып, пәндік олимпиадаларға қатысудың сапасы мен нәтижелілігін арттыру, дайындық барысын ұтымды жоспарлау және жүйелі бақылау.

8. Оқушылардың зерттеу, жобалық қызметін ұйымдастыру бойынша педагогикалық ұжымның жұмысын жандандыру.

9. Ы.Алтынсарин Ұлттық білім академиясы әзірлеген бағдарламаларды, функционалдық сауаттылықты дамыту бойынша тапсырмаларды, сондай-ақ Bilimland.kz, SMK.Edu.kz, СДОТ Билимал.кз интернет ресурстарын белсенді пайдалану.

10. "Сабақты зерттеу" тәсілін енгізу арқылы қаланың желілік қоғамдастығы шеңберінде педагогтердің жұмысын жүйелеу.

11. Материалдық-техникалық базаны дамытуға және нығайтуға, білім беру мекемесін қазіргі заманғы талаптарға сәйкес оқыту құралдарымен және оқу жабдығымен қамтамасыз етуге ықпал ету.

12. Патриоттық бағытты күшейту тұрғысынан мектептің тәрбие жүйесін жандандыру.

13. Қамқоршылық Кеңестің жалпы білім беру үрдісіне белсенді қатысуына ықпал ету.

14. Мектептің қоғамдық өміріне белсенді қатысатын ата-аналар санын көбейту.

16. Оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысын жүйелеу.

17. Жеке дамуы мен оқытуда мәселелері бар балаларға көмек көрсету үшін арнайы әлеуметтік-психологиялық жағдайлар жасау.

2) Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестесінің болуы және оның «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына және МЖМБС белгілі талаптарына сәйкестігі

Мектебімізде оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына сәйкес орындалады. Білім беру үрдісін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету жыл сайын тиісті оқу жылының Нұсқаулық-әдістемелік хатындағы құжаттар тізбесі негізінде жүзеге асырылады. Оқу жұмыс жоспарлары үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді. Оқу жұмыс жоспарында инвариативті және вариативті компоненттердің апталық және жылдық жүктемесі бар, білім беру салалары мен оқу пәндері көрсетілген. Оқу жұмыс жоспары жыл сайын педагогикалық кеңестің отырысында талқыланады.

Оқу жұмыс жоспарлары

2021-2022 оқу жылы

https://drive.google.com/file/d/1vhbUt8Cxe3S2C9wDDeBBnhuY_Ncbg0KQ/view?usp=drive_link

2022-2023 оқу жылы

https://drive.google.com/file/d/1VD08RVIIbP12BHzi8C78euCilczWP_2v/view?usp=drive_link

2023-2024 оқу жылы

https://drive.google.com/file/d/1dNijkkLJW5DrZYUJolrbxFyiL3oTR0O/view?usp=drive_link

2021-2022 оқу жылының оқу жұмыс жоспары туралы

2021-2022 оқу жылында мектебімізде білім беру үрдісін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары және оқу-тәрбие үрдісінде келесі нормативтік құжаттар басшылыққа алынды:

- «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) ҚР БҒМ (бұдан әрі – ҚР БҒМ) 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық)
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>;

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы №496с бұйрық)
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424>;

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы;

- «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығы;

– «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы ҚР БҒМ 2020 жылғы 28 тамыздағы №374 бұйрығы.

Бастауыш білім беру

Бастауыш білім беру 1-4 сыныптардағы білім беру үрдісі ҚР БҒМ 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығымен бекітілген типтік оқу жоспарының 1, 2 қосымшаларымен жүзеге асырылады. Оқу қазақ тілінде жүргізілетін 1-сыныптарға «Әліппе» енгізілді. 2021-2022 жылдан бастап 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Цифрлық сауаттылық» пәні 1-сыныптарға, 3-сыныптарға «Цифрлық сауаттылық» жылдың басынан енгізілді.

5-11-сыныптардағы білім беруді ұйымдастыру

5,6,7,8,9-сыныптардағы оқу үрдісі ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрықпен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) бекітілген типтік оқу жоспарына– 6-қосымша арқылы жасалған.

2021-2022 оқу жылында мектепте вариативтік компонент сағаттарының есебінен 5-9 сынып білім алушылардың «Практикалық қазақ тілі» «Шебер қолдар» «Жас кітап құмарлар» «Тіл- қуатты құрал» «Тілдерді талдау үлгілері» «Ұлттық құндылықтар» «Тіл өнері» «Тілдің көркі сөз» «Дінтану негіздері»

«Математикалық логика» «Ұлттық нақыштар» «Жас мүсіншілер» «Let, s learn English with pleasure» «Флористика» «Сөз өнері» «Күйдің қаршығасы» «Тіршілік химиясы» «Travelling along Great Britain» «Математикалық есептеулер» «Funny English» «Шешендік өнер» «Қызықты матем» «Туған өлкенің сырлары» «Математикада ұлттық мазмұндағы есептерді шығару» «Болашақ инженерлер» «Chemistry in English» «Химиядан әртүрлі есептерді шығару жолдары»

10-11-сыныптардың оқу жұмыс жоспары ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына бекітілген типтік оқу жоспарының 100-қосымшасы негізінде жасалды.

2022-2023 оқу жылының оқу жұмыс жоспары

Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруды қамтамасыз етудің негізгі нормативтік құқықтық актілері

2022-2023 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру үрдісін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие үрдісін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі–МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚРМІП 2012 жылғы 8 қараша дағы № 500 бұйрығы);

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚРБҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы); - «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы.

Бастауыш білім беру

1-4-сыныптардағы білім беру үрдісі Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚРМІП 2012 жылғы 8 қараша дағы № 500 бұйрығы бекітілген типтік оқу жоспарының 1-қосымшасымен жүзеге асырылды. Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарының оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1-сыныптарына мынадай өзгерістер енгізілді:

- «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері оқытылады;
- «Шетел тілі» және «Орыс тілі» пәндері оқытылмайды;
- «Көркем еңбек» пәні екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері»;

5-11-сыныптардағы білім беруді ұйымдастыру

5-9-сыныптардағы оқу үрдісі ҚР ОАМ 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 13 қосымша (ҚР ОАМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 16 қосымша) бекітілген типтік оқу жоспарына сүйеніп жасалған.

2022-2023 оқу жылында мектебімізде вариативтік компонент сағаттарының есебінен білім алушылардың 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыруды көздейтін «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы 5-8-сыныптарға 0,5 сағаттан, 9-сыныпта 1 сағат енгізілді.

Оқу қазақ тілінде жүргізілетін 10-11-сыныптарда оқу жұмыс жоспары ҚР ОАМ 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен бекітілген типтік оқу жоспарының 39-қосымшасы негізінде құрылды.

2023-2024 оқу жылының жұмыс оқу жоспары

Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруды қамтамасыз етудің негізгі нормативтік құқықтық актілері

2023-2024 оқу жылында «Оразалы Жұмабеков атындағы Тірек мектебі (РО)» КММ білім беру үрдісін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңдарын және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуып, оқыту үрдісі келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>;

- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, 2022 ж. 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029916>);

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023ж. №199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767>;
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200030654>

- «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.08.2022 №376 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

- «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329>).

- «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.08.2022№376 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

-«2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқаулық хат.

https://drive.google.com/drive/folders/13xTDrlEp9SW9REe1Vfkr75ibdA0zuv9?usp=drive_link

Бастауыш білім беру

1-4 сыныптардағы білім беру үрдісі ҚР Білім және ғылым министрілігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» №500 бұйрығымен бекітілген (типтік оқу жоспарының 1-қосымшасымен жүзеге асырылады. Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарының оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1-сыныптарында «Әліппе», «Ана тілі» пәндерін оқыту жалғастырылады, 2- сыныбында «Орыс тілі» пәнін оқыту басталады. 1-2

сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндерін, 3-4-сыныптарда «Көркем еңбек» кіріктірілген пәнін оқыту жалғасады. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР ОАМ 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 25, 26 тармақшаларына сәйкес 1-4 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады, «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

5-11-сыныптардағы білім беруді ұйымдастыру

5-9-сыныптардағы оқу үрдісі ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 500 бұйрығымен бекітілген (ҚР ОАМ 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен өзгертілген) типтік оқу жоспарының 16-қосымшасымен жүзеге асырылады.

2023-2024 оқу жылында мектебімізде вариативтік компонент сағаттарының есебінен білім алушылардың 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыруды көздейтін «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы 5-8-сыныптарға 0,5 сағаттан, 9-сыныпта 1 сағат жалғастырылады.

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

10-сыныпта оқу жұмыс жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 500 бұйрығымен бекітілген типтік оқу жоспарының 22-қосымшасына сәйкес жасалды.

11-сыныпта оқу-тәрбие жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 500 бұйрығымен бекітілген типтік оқу жоспарының 86-қосымшасына сәйкес жасалды.

Қосымша білім беру ресурсын пайдалану білім алушыларға әлем туралы тұтас түсінік қалыптастыруға, жеке тұлғаның қызығушылықтары мен қажеттіліктерін дамытуға жағдай жасауға мүмкіндік береді. Оқу жоспары 11-сынып оқушыларына өздерінің жалпы мәдениеттілігіне, оқу материалын игеруде кәсіпалды құзыреттілігіне, мектеп бітірушілердің өмірлік жағдайларға бейімделе алуына ықпал етеді және алдағы уақытта ЖОО табысты білім алуына немесе түрлі салада еңбек етуге негіз болады. 10-11 сыныптарға «Жаһандық құзыреттілік» курсы 1 сағаттан енгізілді.

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесі мен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.

Оқушылардың апталық жүктемесінің максималды көлемі білім беру объектісінің санитарлық-эпидемиологиялық талаптарына сәйкес.

Осылайша, "Оразалы Жұмабеков атындағы Тірек мектебінің (РО)" КММ 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған оқу жұмыс жоспарлары базалық пәндер бойынша орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын орындайды, мектеп жұмысының басым бағыттары пәндері бойынша білім беру стандарттарының мазмұнын кеңейтеді және толықтырады, функционалдық сауаттылықты дамыту оқушылар мен негізгі және пәндік құзыреттіліктерге қол жеткізуді, оқушылардың өзін-өзі анықтауын қамтиды. Оқу жүктемесінің нормалары санитариялық-гигиеналық талаптардан аспайды және "Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" қағидаларына сәйкес келеді.

Сабақ кестесі

Мектептің жұмыс тәртібі – 5-күндік жұмыс аптасы (2021-2022 оқу жылы 6-күндік, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары 5-күндік). Оқу 2 ауысымда өткізіледі.

2021-2022 және 2023-2024 оқу жылдары аралығында сабақ және қоңырау кестелері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес (Министрліктің бұйрықтарына сәйкес өзгерістер мен толықтырулармен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі No ҚР ДСМ-20 және 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76) сәйкес құрылған.

Сабақкестелері 2021-2022, 2022-2023 оқу жылында «Bilimal» электронды журналына орналастырылды, 2023-2024 оқу жылында «BilimClass» электронды журналына енгізілді. 2021-2022, 2022-2023 оқу жылының "Bilimal" электронды журналында сабақ кестесінде мектептік компонент, таңдау бойынша пәндер және элективті курстарды енгізу қарастырылмаған, ол пәндердің орны ашық қалдырылды. Мектептік компонент, таңдау бойынша пән, элективті курстар мектеп директоры бекіткен сабақ кестесінде көрсетілген. Сабақ кестесі қамқоршылық кеңесінің төрағасымен келісіліп, мектеп директорымен бекітілген. Оқу жылының әр тоқсанында мұғалімдердің келіп-кетуіне байланысты өзгерістер болып отырды.

О.Жұмабеков мектебіне 2021 жылғы келіп-кеткен мұғалімдер тізімі

№	Аты - жөні	Қабылданған күні	Кеткен күні	Приказ
1	Калкенов Баян	01.09.2021		№ 77
2	Әлиакбарова Айдана	01.09.2021		№ 78

3	Мамраева Жанбота	01.09.2021		№ 79
4	Достаева Жузим	01.09.2021		№ 80
5	Абильдина Инабат	01.09.2021		№81
6	Серік Нұрдәулет	01.09.2021		№ 84
7	Омарова Раушангуль	01.09.2021		№ 85
8	Картаева Баян		03.09.2021	№ 91
9	Кадирбаева Балдырған	05.01.2022ж		№6
10	Молдабек Ақмарал		05.01.2022ж	№9
11	Акимова Асылхан		18.05.2022ж	№67А
12	Базарбаева Актоты		01.06.2022ж	№ 75
13	Қалкенов Баян		25.08.2022ж	№85
14	Кадирбаева Балдырған		31.08.2022ж	№ 89
15	Акимова Асылхан	31.08.2022		№94А

О.Жұмабеков мектебіне 2022 жылғы келіп-кеткен мұғалімдер тізімі

№	Аты - жөні	Қабылданған күні	Кеткен күні	Приказ
1	Алтыбаева Айгул		01.09.2022ж	№100
2	Рахимбекова Алтынай		01.09.2022	№101
3	Бимендина Рыскуль		01.09.2022	№102
4	Қожамуратова Шолпан		01.09.2022	№103
5	Серік Нұрдәулет		01.09.2022	№104
6	Бекен Жанагүл		01.09.2022	№106
7	Бабатаева Гүлдана		01.09.2022	№107
8	Әбілдина Инабат		01.09.2022	№108
9	Тажибекова Гулим		01.09.2022	№109
10	Тусупова Бекзат		01.09.2022	№110
11	Қожахметова Алтын		01.09.2022	№111
12	Акимова Асылхан		14.09.2022	№114
13	Оспанова Гүлшарат		03.10.2022	№ 121
14	Бозмағанбетова Айжан		06.10.2022	№129А
15	Бекбаева Ақжаркын		01.12.2022	№157
16	Қамкен Жұлдызгүл	04.01.2023		№4
17	Галымова Назым	09.01.2023		№9

О.Жұмабеков мектебіне 2023 жылғы келіп-кеткен мұғалімдер тізімі

№	Аты-жөні	Қабылданған күні	Кеткен күні	Бұйрық
1	Кошмағанбетова Бактыберлы		01.09.2023	№ 71
2	Куанышбек Айгүл		08.11.2023	№82
3	Мунсызбаева Бибисара		17.11.2023	№ 84

Қосымша. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарының сабақ кестелері.

https://drive.google.com/drive/folders/1djgi152OluIhIKG6nX2DQBYbkz0XEZmJ?usp=drive_link

https://drive.google.com/drive/folders/1Dq1j7zqx_56xJV0l-SdMHopMW4PnIzRc?usp=drive_link

Білім беру бағдарламаларының орындалуын бақылауды мектеп әкімшілігі тоқсан сайын жүзеге асырады. Тексеру нәтижелері бағдарламалық материалдың барлық пәндер бойынша ұзақ мерзімді жоспарлау бойынша жүргізілгенін көрсетті.

Оқу жоспарын жүзеге асыру кезінде мереке күндеріне түсетін сабақтар есепке алынды, қайталауға бөлінген сағаттар арқылы оқу бағдарламасының мазмұнын кіріктіру ескеріліп, келесі күндерге ауыстырылды. Мұғалімдердің оқу бағдарламасының теориялық және практикалық бөліктерін орындауы электронды журналда жинақталады. Оқу бағдарламаларының орындалуын талдау оқу сағаттарының жоспарланған және нақты көлемі туралы толық және объективті ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Осылайша, бастауыш, негізгі және орта білім берудің жұмыс оқу жоспарының білім беру бағдарламаларын іске асыру толық көлемде жүзеге асырылады. Инварианттық компоненттің жалпы білім беретін пәндердің базалық мазмұнын меңгеру жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

3) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында оқу жұмыс жоспарының инвариантты компоненттің базалық мазмұнын игеру

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрық) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424> негізінде жүзеге асырылды.

2023-2024 оқу жылында «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022ж. №467, 05.07.2023ж. №199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) жүргізілді.

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767;>
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200030654>

Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламасындағы инвариантты компоненттегі пәндер bilimal.kz, bilimland.kz электронды журналдарындағы күнтізбелік-тақырыптық жоспарларынан қаралып, тексерілді. Барлық инварианттық пәндер бойынша оқу бағдарламалары

игерілген. Бағалау нақты бөлім ортақ тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары жүйесіне сәйкес жүзеге асырылған. Білім беру ұйымдарында оқып білуге міндетті бастауыш білім беру мазмұнының құрамы, құрылымы мен көлемі негізіндегі оқу бағдарламаларының көлемі әр пән бойынша bilimal.kz, bilimland.kz электронды журналдарында қамтылған. Негізгі орта білім берудің әр білім беру саласы бойынша базалық мазмұны білім алушылардың тиімді әлеуметтенуіне ықпал ететін рухани, әлеуметтік және мәдени тәжірибелерін одан әрі дамытуды қамтамасыз ететін, жеке тұлға ретінде өзін-өзі танытуына және кәсіптік бағдарлануына, сондай-ақ білім алушылардың бейіналды даярлығына бағытталған оқу бағдарламаларын қамтыған. Жалпы орта білім берудің базалық мазмұны жаратылыстану-математикалық бағытында бейінді оқытудың міндетті оқу пәндері мен бейіндік оқу пәндері бойынша анықталған.

https://drive.google.com/drive/folders/1vWeRCbeNOmFmMKwnwcbc67ev20f3h13m?usp=drive_link

4) білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерттеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге арналған тәрбие жұмысы жоспарларының көшірмелері қоса беріледі)

2023-2024 оқу жылының жоспары (3 жылдық жоспар)

https://drive.google.com/drive/folders/11n5YCN04r1RL6hTDI0okiEHd0Pn1K-Kt?usp=drive_link

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023жыл 19 қыркүйек №294 бұйрығы 3-қосымшаға сәйкес 2023-2024 оқу жылына арналған О.Жұмабеков атындағы тірек мектебінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» ұлттық, адами құндылықтарға негізделген бағдарлама бойынша атқарылған жұмыстардың қорытынды есебі.

Өскелең жас ұрпақты рухани –адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу-**барлық** кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз –жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Мектептегі тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттары және сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. «**Біртұтас тәрбие бағдарламасы**» ұлттық, адами құндылықтарға негізделген бағдарламаны басшылыққа ала отырып, мақсат, міндеттер айқындалды. **Ұлттық мүдде, талап, ар-ұят** құндылығы бойынша жоспарлы іс-шаралар ұйымдастырылды. Өткен оқу жылында атқарылған жұмыстарға талдау жасау арқылы жүргізілген жұмыстар сараланып, қорытындыланды. Оқу жылының басында сынып жетекшілер тағайындалып, тәрбие жоспары бекітілді.

- **Ұлттық мүдде**
- **Ар-ұят**
- **Талап**

1 қыркүйек –Білім күні мектебімізде “Мектеп- мейірім мекені” тақырыбында білім күніне арналған алғашқы қоңырау салтанатты жиыны директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Р.Омарова, Л.Забикованың

ұйымдастыруымен өткізілді. Салтанатты жиынға барлық 1 сынып бүлдіршіндері-1ә сынып-24 оқушы, сынып жетекшісі Сабинова А, 1а сынып - 25оқушы, сынып жетекшісі Мусалиманова Ж; 1б сынып-21 оқушы, сынып жетекшісі Сейдрахманова А. қатысты. Жиынға 11 сынып оқушылары мен сынып жетекшілері, пән мұғалімдері қатысты. Білім күні салтанатты жиын соңында оқушылардың жол қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында Аудандық патрульдік полиция инспекторы барлық оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар барлық 1-11 сыныпта сынып жетекшілері тәрбиенің біртұтас бағдарламасы бойынша тақырыптық тәрбие сағаттарын өткізді. Тәрбие сағатына барлығы: 745 оқушы қамтылды. Ашық сынып сағаттар «Еңбегі адал жасөрен» жобасы бойынша «Сәлем, жаңа оқу жылы» тақырыбында 1-4 сынып, 5-9 сыныптар аралығында өткізілді. «Толық адам» ілімі тақырыбында «Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы бойынша 10-11 сыныптарда тақырыптық тәрбие сағаттар өткізілді. Тәрбие сағатына 10-11 сыныптан- 92 оқушы қамтылды.

Оң нәтиже: Оқушыларда патриоттық сезім қалыптасты, жол қауіпсіздігі бойынша ақпарат алды.

<https://www.instagram.com/p/CwpHUIBtv16/?igsh=MzRIODBiNWFIZA>

04.09 күні саптық жиында бастауыш және 5-11 сынып аралығында «Мектептің ішкі тәртіп ережесімен танысу» бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Бастауыш сыныптан –барлығы 284 оқушы қатысты, 5-11 сыныптан- 461 оқушы қамтылды.

06.09 күні сынып жетекшілер бірлестігінің кезекті отырысында жетекші мұғалімдерге мектеп жарғысымен, әдеп кодексімен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Л.Забикова, Р.Омарова таныстырды. Кезекті отырысқа 1-11 сыныптың 34 сынып жетекшісі қатысып, күн тәртібіндегі мәселелерге, алда атқарылатын іс –шараларға ой қосып, пікірлерімен бөлісті.

<https://www.instagram.com/p/Cxf6v1TNOxN/?igsh=cHl3NjFnMnlxOHhk>

4.09-08.09 күні аралығында **Ұлттық мүдде** құндылығы бойынша ҚР халықтар тілдері күніне және А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған сапта тұру жиынында салтанатты түрде тілдер апталығының ашылуы болды. Екі ауысымда өткен саптық жиында барлық 5-11 сынып - 461 оқушы қамтылды. Жиында қазақ тілімен әдебиетінің мұғалімі, бірлестік жетекшісі Л.Байдильдина А.Байтұрсынұлының өмірбаяны мен еңбегін айтып, апталық жоспарымен таныстырды. Сыныптарда «Тіл –ұлттың тірегі» тақырыбында тәрбие сағаттар, ашық сабақтар өткізілді. Апталық кезінде «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Қазақ тілінің кәзіргі жағдайы» тақырыбында мәдениет және тілдерді дамыту орталығының мамандарымен кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге 10-11 сынып оқушылары қатысты, барлығы 92 оқушы қамтылды.

Нәтижесінде оқушылар А.Байтұрсынұлының өмірбаяны мен еңбегі туралы толық ақпарат алды. Алдағы атқарылатын жоспармен танысты. Сынып сағаттарында оқушылар ҚР мемлекеттік тілге деген құрметті сезінді, патриоттық сезім қалыптасты. Апталық кезінде қазақ тілімен әдебиетінің маманы Т.Мұсабекованың өткізген «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» тақырыбында тіл білгірлері сайысы өте жақсы деңгейде ұйымдастырылды. Сайысқа 9 сынып оқушылары қатысып, білімдерімен сынға түсті. Сонымен қатар 10 сыныппен өткізген қазақ тілі пәнінің мұғалімі С.Садвақасованың Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романы бойынша өткізген көрнісін айтуға болады.

<https://www.instagram.com/p/CxGGTRqNHGX/?igsh=MzRIODBiNWFIZA>

<https://instagram.com/p/CxS1Uzsttqh/>

https://www.instagram.com/p/CxLZQjMNIW_/?igsh=MzRIODBiNWFIZA==

04-08.09 күндері санитарлық–гигиеналық режим, еңбек қауіпсіздігінің техникасымен мектеп әкімшілігі және пән мұғалімдері: еңбек, информатика, физика, химия пәнінің мұғалімдері әр сыныптың оқушыларына түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, журналдарға еңбек қауіпсіздігін сақтау бойынша оқушылар танысқаны туралы қол қойды. Сонымен қатар қауіпсіздіктің алдын алу мақсатында мектеп қызметкерлерін, мұғалім және шаруашылық қызметкерлерін қауіпсіздік техникасымен таныстырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

11.09. күні мектеп тәлімгері А.Сайлау мектеп Парламентінің және «Жас Ұлан» ұйымының жоспарын құрып, ұйым мүшелерінің тізімін бекіттірді .

[https://drive.google.com/drive/folders/1MkRFjEKLgJXJbpY4pQrHP70Har-vbLy-?usp=drive link](https://drive.google.com/drive/folders/1MkRFjEKLgJXJbpY4pQrHP70Har-vbLy-?usp=drive_link)

13.09 «Қазақстан балалары шексіз әлемде» балалар киносының фестивалі (аудандық кезең) бойынша 11 сынып оқушысы Тұрымтай Мерей жүлделі 1 орынмен марапатталды.

15.09 күні «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Адал ұрпақ» еріктілер ұйымының жоспары бекітіліп, клуб мүшелері тағайындалды.

[https://drive.google.com/drive/folders/1nGShABQx6bFCbkVdH7myGAPk0tgALO5C?usp=drive link](https://drive.google.com/drive/folders/1nGShABQx6bFCbkVdH7myGAPk0tgALO5C?usp=drive_link)

12.09 күні денешынықтыру пәні мұғалімдері Мағзумова Дананың ұйымдастыруымен «Тоғыз айға тоғыз іс- шара» бойынша 1-11 сынып аралық «Сергіту сәті» чөлентжі өткізілді. Сергіту сәтіне барлық оқушылар қамтылды.

<https://www.instagram.com/reel/Cw6wS6Qt7VU/?igsh=MzRIODBiNWFIZA>

13.09 күні Аудандық «Қазақстан балалары шексіз әлемде» балалар киносының фестивалі ұйымдастырылып, мектебіміздің 11 сынып оқушылары қатысып, өз өнерлерін көрсетті. Сонымен қатар информатика пән мұғалімі Аманкелдінов Асхат-Бас жүлде, Аманжолова М, Сейдрахманова Г, Ахатова Арай, Жаңабаев Уалихан аудандық «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» байқауына қатысып, жүлделі орынға ие болды.

15.09 күні «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Адал ұрпақ» еріктілер ұйымының жоспары бекітіліп, клуб мүшелері тағайындалды.

18.09 күні 7-11 сынып оқушыларының қатысуымен мектепшілік саптық жиында Қожа Ахмет Яссауидың туғанына 930 жыл толуына байланысты ақпарат беріліп, баяндама тыңдалды. **Нәтижесінде**, оқушылар Қожа Ахмет Яссауидың даналығын, қалдырған өсиеттерінен ілім, тәлім-тәрбие ала отырып, білім көкжиегін кеңейтіп, өмірбаяны жайлы тың ақпараттар алды.

ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ айында

➤ 1 қазан - Қарттар күні

➤ 5 қазан – Мұғалімдер күні

➤ 25 қазан – Республика күні

➤ Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл

<https://www.instagram.com/p/CxJDzRpN8UE/?igsh=MzRIODBiNWFIZA==>

➤ Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл

➤ Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

➤ Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл

➤ Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл

<https://www.instagram.com/p/CxV6Ym4Nr7n/?igsh=MzRIODBiNWF1ZA==>

➤ Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл

Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл толуына байланысты іс-шаралар өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/CxGG9Kytbfd/?igsh=MzRIODBiNWF1ZA==>

01-29.10 аралығында кітапханашы Е.Акимова оқушылардың, мұғалімдердің баспасөзге жазылуын ұйымдастырды. Жыл сайын мектеп ұжымы мерзімдік баспасөзге үлкен жауапкершілікпен қарап Егемен Қазақстан, Жезказганский вестник, Сарыарқа, Жаңаарқа, Айгөлек, Білімді Ел, Асыл сөз, Ана тілі т.б. газет журналдарға биыл түгендей бір жылға жазылды бағасы 298000 теңгені құрады.

27 қазанда «Оқуға құштар мектеп» жоба аясында Оралхан Бөкейдің 80 жылдығына орай 8 сынып оқушылары арасында «Апамның астауы» әңгімесіне талдау жасап, қорытындылады.

<https://www.instagram.com/p/Cy6IE7utAHN/?igsh=MzRIODBiNWF1ZA==>

01-02.10 күндері «Жас Ұлан» ұйымы «Қарияға қол ұшын соз» жобасы аясында көмек көрсету мақсатында қариялар отбасына көмек көрсетті. Сынып жетекшілер «Қарттарым – асыл қазынам» тақырыбында тақырыптық тәрбие сағаттар, кездесулер ұйымдастырды. Атап айтқанда 10 сынып жетекшісі А.Кадрин, А.Далбаева, 5 сынып жетекшілері П.Көшкенова, 7 сынып жетекшісі Б.Базарбаев, Н.Ғалымова, 8 а сынып жетекшісі А.Бейсембаева қарт әкелермен өте жақсы деңгейде кездесу ұйымдастырды.

Кездесудің **мақсаты** мектеппен ата-ананың арасындағы қарым-қатынасты нығайту, қарттарға құрмет, сый көрсету.

Нәтижесінде үлкенге құрмет, қарияларға қамқорлық көрсетілді.

<https://www.instagram.com/p/CyFv715Nadg/?igsh=MzRIODBiNWF1ZA>

<https://www.instagram.com/p/Cx2ZnECtnDq/?igsh=MzRIODBiNWF1ZA>

05.10 күні 11 а сынып жетекшісі М.Аманжолова және бастауыш сынып мұғалімі Ж.Жолдаспаеваның ұйымдастыруымен Ұстаздар мерекесі өткізілді. Ұстаздарға құрмет көрсету мақсатында керемет бағдарламамен қарсы алды. Салтанатты жиын өткізіліп, мерекелік концерт ұйымдастырылды. Мерекелік концертке қарт ұстаздар шақырылып, сый – құрмет көрсетілді. Салтанатты жиынға 60 ұстаз, 11 сынып оқушылары қамтылды. Тәлімгер А.Сайлаудың ұйымдастыруымен Дублер күні өткізілді. Мектептің «Өзің өзі басқару» ұйымының белсенділері барлық пән мұғалімдерді сол күні өздерімен алмастырып, өте жақсы деңгейде сабақ берді

Нәтижесінде оқушылардың бойында Ұстазға деген құрмет, рухани – адамгершілік қалыптасты. Білімге деген сүйіспеншілік арта түсті.

<https://instagram.com/p/CyFuhdoNPFL/>

https://www.instagram.com/reel/CyEOBF_N4wY/?igsh=MzRIODBiNWFIZA

«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы бойынша «Бес нәрсеге асық бол...» тақырыбында тәрбие сағаттар өткізілді.

Нәтижесінде оқушылардың санасына адалдық ұғымы қалыптасты.

Қазан айында 2023-2024 оқу жылында «Даналық мектебі» клубының жылдық жоспары құрылып, «Әкелер», «Аналар» клубтары ашылып, іс – шаралар ұйымдастырылды. Атап айтқанда «Әке – асқар тау» тақырыбында даналық сағаты өтті. Жас буын, орта, үлкен буын жиналған ортада отбасылық құндылықтарды дәріптеу, отбасындағы әке орны жайлы ақыл – кеңес берілді.

<https://www.instagram.com/p/CzsUZ1hCFOK/?igsh=MzRIODBiNWFIZA>

«**Төрт тоқсан- төрт өнер**» Ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы бойынша Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, әлеуметтік құзыреттілік, білім алушылардың өз елінің мәдени дәстүрлерін көп ұлтты мемлекет жағдайында жалпыадамзаттық баулу мақсатында.

12.10 күні Ақын, жазушы қоғамқайраткері С.Сейфуллиннің туғанына 130 жыл толуына байланысты «Жаңа күн – жаңа Қазақстан» тақырыбында аудандық мүшайра өткізілді. С.Сейфуллиннің туғанына күніне орай «Сәкен ұлтымыздың - мақтанышы» тақырыбында кітапханышы Акимова Е. тақырыптық көрме ұйымдастырды. Сонымен қатар «**Төрт тоқсан- төрт өнер**» жобаның аясында **17.10.** мектебіміздің кітапханашысы Акимова Е. 1-4 сыныптар аралығында «Көк тудың желбірегені» тақырыбында мәнерлеп оқудан жарыс ұйымдастырды

13.10 күні 8-11 сыныптар арасында «Жас ұлан» ұйымының ұйымдастыруымен «Жастар және қоғам» тақырыбында пікірталас өтті.

16.10 күні 7-11 сыныптар аралығында «Алаш азаматтарын ұлықтау» тақырыбы бойынша сапта тұру жиыны өткізілді. Алаш арыстарының педагогика, психология, әдістеме саласындағы еңбектері бүгінгі қоғамның білім беру талаптарына толық жауап бере алады. Сондықтан оларды білім беру жүйесіне мақсатты түрде енгізу біздің азаматтық борышымыз болуы керек. Алаш идеясы – бүгінгі Қазақстанның да басты идеяларының бірі болуы тиіс. Ал, бүкіл қазақ даласын осыдан бір ғасырдай уақыт бұрын Алаш рухына бөлеген ұлы қазақтар аманатының жөні бөлек. Біздің ата рухы алдындағы адалдығымыз бен перзенттік парызымыз Алаштың аманатын санамызға сіңіру, соған лайық еңбек ету, өткенге құрмет көрсету. Ал құрметтің негізгісі – Алаш идеясын ұрпақ бойына сіңіру. **Нәтижесінде** оқушылар Алаш азаматтары жайлы түсірілген «Оян, Қазақ!» және «Ахмет-ұлт ұстазы» кинотуындыларын көріп Отанға деген сүйіспеншілік, патриоттық рухтары оянды.

<https://www.instagram.com/p/C0USwbuNAhk/?igsh=MzRIODBiNWFIZA>

18.10.2023 жыл күні мектебіміздің жоғары сынып оқушылары «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында мектеп ауласын тазартып, мектеп дәліздеріне гүлдер отырғызды. Негізгі міндет жас жеткіншектерді патриоттық рухта тәрбиелеу және табиғатты аялауға баулу болса, іс-шаралардың игі бастамасы оқушылардың және ұстаздардың қалтықсыз еңбектерін өзгелерге үлгісі қою деп білеміз.

https://www.instagram.com/reel/Cxhxp_INwh4/?igsh=MzRIODBiNWFIZA

Сонымен қатар «**Ұлы дала перзентімін**» тақырыбында 1-4 сыныптар аралығында сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен сынып сағаттар өткізілді.

19.10 күні «Кідіріс жасап, айналана қара. Өткенді сараптап, келер күнді бағамда» тақырыбында бастауыш сыныптарда жолда жүру ережесі сабағы өткізілді. Мақсаты: Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру. Жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге жол ережесінің белгілерімен таныстыру. Оқушыларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу.

24 қазан Республика күніне орай мектепшілік сапта тұру жиынында 5-11 сыныптар арасында «Тоғыз айға тоғыз іс-шара» жобасы аясында бір мезетте «ҚР гимні» орындалды. Іс-шараға 461 оқушы қамтылып, нәтижесінде Отанға деген сүйіспеншілігі артты.

<https://www.instagram.com/p/CyypRmYNoh1/?igsh=MzRIODBiNWFIZA>

<https://www.instagram.com/reel/CyynPRlt2LF/?igsh=MzRIODBiNWFIZA>

<https://www.instagram.com/p/CyyizQStpNK/?igsh=MzRIODBiNWFIZA>

<https://www.instagram.com/reel/CyypxLFtDpN/?igsh=MzRIODBiNWFIZA>

<https://www.instagram.com/reel/CyxpD-htqH9/?igsh=MzRIODBiNWFIZA>

01.11 күні «Алтын сақа» жобасы аясында 2-4 сыныптар арасында сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен асық атудан «Алтын сақа» ұлттық ойын турнирі өтті. «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы бойынша 4-6 сыныптар арасында сынып жетекшілер мен денешынықтыру пән мұғалімдер ұйымдастыруымен «Тоғыз құмалақ-day» тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың бойында салт-дәстүрге деген сүйіспеншілікті одан әрі дамыту, оны әрқашан құрметтеуге баулу. Жас ұрпақтың ұлттық сана сезімін, қоғамдық саяси ой-өрісін дамыту.

<https://www.instagram.com/reel/CzvRA6WNCBT/?igsh=YXR2b2Z1cGVsdWox>

02.11 күні Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы өзінің алғашқы Аталар мен Әжелер, Аналар клубымен «Біз біргеміз» атты тәтті шай форматында кездесу өтті.

<https://www.instagram.com/p/CzJn4QfNvAI/?igsh=MzRIODBiNWFIZA>

03.11 күні 1-11 сыныптың сынып жетекшілері «Еңбегі адал жасөрен» жобасы бойынша «Адалдық – атадан қалған мұра» ұрпақтар сабақтастығын насихаттау тақырыбында ата-ана жиналысын өткізді. Мақсаты: Оқушының бойында патриоттық сезімін қалыптастыру, ерлікке, Отаншылдыққа, елжандылыққа, аталар ерлігін мақтан тұта жалғастыруға баулу. Жиналысқа 75%, 80% ата-ана қатысты.

<https://www.instagram.com/reel/CzMXJQkNffu/?igsh=MzRIODBiNWFIZA>

<https://www.instagram.com/reel/Czd3GRWNRcn/?igsh=MzRIODBiNWFIZA>

06.11 күні 1-11 сыныптар арасында мектеп тәлімгері Сайлау А. Ұлттық валютаның 30 жылдығына орай сапта тұру жиының өткізді. Жиында ұлттық валютаның шығу тарихы бойынша толық мағұлмат берілді.

06.11 күні 5-6 сыныптар арасында сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы аясында «Ғаламтордың пайдасы мен зияны» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Бүкіләлемдік өрмек – интернетке байланысты оқушыларда толық ой қалыптастыру, пайдасы мен зиянын түсіндіру. Оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін жетілдіру, шығармашылыққа баулу. Оқушылар өз ойларын тиянақты жете айта білуге, өздерін сабырлы әрі тәртіпті болуға, басқаны тыңдай білуге тәрбиелеу.

<https://www.instagram.com/p/Czk3CiItqNo/?igsh=MTM5bXlxOWE4dm1mZg>

09.11 күні «Еңбегі адал жасөрен» жобасы бойынша, су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған «Үнемділік инноваторы» тақырыбында 7-8 сыныптар аралығында сынып жетекшілері тәрбиелік сынып сағаттарын өткізді. Мақсаты: оқушылардың электр қуаты және үнемі туралы түсініктерін кеңейту, үнемдей білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Нәтижесінде: оқушылар сабаққа белсене қатысып, электр энергиясын, су, оны қолдану аясы жайлы әңгімелеп, топпен елімізде қайта өңдеу жолдары жайлы өз ұсыныстарын келтірді. ойларын білдірді.

10.11 күні 10-11 сыныптар арасында тіл бірлестігі ұйымдастыруымен «Жақұты барға жасын түспейді» тақырыбында Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы,ғұлама ғалым Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жылдығына орай сыныптан тыс іс-шара өткізілді.

01.12 күні Аудан ұстаздары арасында «Біз жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында өткен брейн-рингта жас ұстаздарымыз Зейденов М, Нұрғалиев Р және Сүлейменова Жансая қатысып, бірнеше топтың ішінен жүлделі ІІ орынға ие болып келді. Мақсаты: Жастарға ар мен адалдық сезімдерін ұғындыру; Міндеттері: Жастарды адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу, жат әдеттерден аулақ жүруге үйрету. Жастардың адамгершілік қасиетін нығайту.
<https://www.instagram.com/p/C0UUQTNta6S/?igsh=MTQ1NG4zaWg5azQzbw>

18.11 күні «Жастар және қоғам» тақырыбында 8-9 сыныптар арасында ақпараттық кездесу сағаты өтті. Біздің бүгінгі тәуелсіз қоғамымыз бен егемен еліміздің негізгі үміті – жастар. Жастарға сенім арту – барлық қоғамға тән құбылыс. Бүгінгі жастар – келешек ұрпақ. Жастар – ғылыми-техникалық және экономикалық прогрестің негізгі қозғаушы күші, қоғамның жемісті дамуының кепілі. Мемлекет әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан, жастар мен жас отбасылардың экономикалық ахуалын жақсарту мен табыс деңгейін көтеру, ұзақ мерзімді несие берудің кезеңдік жүйесін енгізу, басқа да экономикалық көмек түрлері арқылы білім алу мүмкіндігін кеңейту, іскерлік белсенділігін арттыру сияқты қоғамдық мәселелер жайлы оқушылар өз ойларын айтып, әдемі пікірталас өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/C0UUQTNta6S/?igsh=MTQ1NG4zaWg5azQzbw>

